

Шарт бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың туындауына әкеп соққан мән-жайларды растау және өтінішті қарау үшін қажетті құжаттар тізбесі

Осы тізбе жағдайға байланысты қарыз алушының санатын және шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне әкеп соққан мән-жайларды растау үшін кредитордың қарыз алушыдан сұрататын құжаттарының ықтимал түрлерін белгілейді:

1. жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама және (немесе) жұмыс орнынан қарыз алушының соңғы алты айдағы табысы туралы анықтама немесе қарыз алушының банктік шоты бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме;
2. еңбек шартын тоқтату, жалақысы сақталмайтын демалыс беру туралы жұмыс берушінің актісі немесе қарыз алушының уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама (парақ);
3. жалақы мөлшері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама және бірыңғай жинақтаушы пенсиялық қордан үзінді көшірме;
4. қарыз алушының жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты демалыста болуын, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста болуын растайтын құжат;
5. отбасы құрамын және асырауындағы адамдардың бар екенін растайтын құжат;
6. қарыз алушының және (немесе) қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (жарының) ауырғанын растайтын уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама және (немесе) уақытша еңбекке жарамсыздық парағы, сондай-ақ қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (жарының) қайтыс болғаны туралы куәлік (анықтама);
7. жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері көрсетілген нотариаттық куәландырылған жалдау шарты;
8. жазатайым оқиға, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері (айналымдағы тауарларды немесе қарыз алушы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланған өзге де мүлікті ұрлау) нәтижесінде қарыз алушыға материалдық зиян келтірілгенін растайтын құжаттар;
9. форс-мажорлық мән-жайларды растайтын ресми құжаттар;
10. мүгедектік туралы анықтама;
11. амбулаториялық (стационарлық) науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;
12. атқарушылық өндірістің, шоттарға тыйым салудың жеке өзге де шектеулердің бар екенін растайтын құжаттар (қарыз алушының банктік шотына тыйым салу туралы шешім);
13. инкассалық өкім;
14. сот актілері;
15. қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.